

«Шебер әке» қолдан жасалған бұйымдар көрмесі

Мақсаты:

Әкелердің шығармашылығын насихаттау, бала мен әке арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұлттық қолөнерге қызығушылық қалыптастыру.

Көрме безендірілуі

- * Әкелер мен балалар жасаған бұйымдар
- * Қазақы ою-өрнектермен безендіру

Жүргізуші сөзі

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар, қадірлі қонақтар!

«Шебер әке» атты қолдан жасалған бұйымдар көрмесіне қош келдіңіздер!

Бүгін әкелеріміз өз қолымен жасаған ерекше туындыларын таныстырып, балаларымен бірге шығармашылықтарын көрсетеді.

Балалардың өлеңі

Әкем менің қамқорым,
Ақылшым да жан досым.
Шеберлігің үлгі бізге,
Мақтан тұтам әрқашан.

Көрмені таныстыру

Әр әке өз бұйымын таныстырады.

Мысалы:

- * ағаштан жасалған бұйым;
- * құс ұясы;
- * көлік макеті;
- * ұлттық бұйым;
- * сурет немесе қолөнер.

Әр қатысушыға 2–3 минут беріледі.

«Шебер қол» тапсырмасы

Әке мен бала бірге:

- * қағаздан гүл жасау;
- * конструктор құрастыру;
- * мозайка жинау;
- * ұлттық ою құрастыру.

Қорытынды сөз

ергізуші:

Әке – отбасының тірегі ғана емес, баласының ең алғашқы ұстазы.

Осындай өнегелі әкелеріміз көп болсын!













